

## Табиғат қорғау мекемелерінде ғылыми қызмет және ғылыми зерттеулер ұйымдастыру және жүргізу қағидасын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2012 жылғы 13 наурыздағы № 25-02-01/94 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2012 жылды 25 мамырда № 7680 тіркелді.

"Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 7 шілдедегі Заңының 8-бабының 6-1) тармақшасына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Табиғат қорғау мекемелерінде ғылыми қызмет және ғылыми зерттеулер ұйымдастыру және жүргізу қағидасы бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман және аңшылық шаруашылығы комитеті заңнамада белгіленген тәртіpte осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

А. Мамытбеков

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Білім және ғылым министрінің м.а.

2012 жылғы 26 сәуір

М. Орынханов

Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы министрінің  
2012 жылғы 13 наурыздағы  
№ 25-02-01/94 бұйрығымен  
бекітілген

## Табиғат қорғау мекемелерінде ғылыми қызмет және ғылыми

зерттеулер ұйымдастыру және жүргізу қағидасы

1-тaraу. Жалпы ережелер

Ескерту. 1-тараудың атауы жаңа редакцияда - КР Экология және табиғи ресурстар министрінің 17.06.2024 № 124 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Табиғат қорғау мекемелерінде ғылыми қызмет және ғылыми зерттеулер ұйымдастыру және жүргізу қағидасы (бұдан әрі – Қағида) "Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 7 шілдедегі Заңының 8-

бабының 6-1) тармақшасына сәйкес өзірленді және табиғи мемлекеттік табиғи қорықтарда, мемлекеттік ұлттық табиғи парктерде, мемлекеттік табиғи резерваттарда, мемлекеттік өнірлік табиғи парктерде (бұдан әрі – табиғат қорғау мекемелері) ғылыми қызметтің тәртібін айқындайды.

2. Табиғат қорғау мекемелерінде ғылыми қызмет Табиғат жылнамасын жүргізу үшін қоса алғанда, мемлекеттік табиғи-қорық қорының табиғи кешендері мен объектілерін зерттеу жөнінде тұрақты жүйелі бақылаулар, табиғи процестердің мониторингін үйымдастыру, сондай-ақ мемлекеттік табиғи-қорық қорының биологиялық әртүрлілігін сақтаудың, экологиялық жүйелері мен объектілерін қалпына келтірудің ғылыми негіздері мен әдістерін өзірлеу жолымен жүзеге асырылады.

## **2-тaraу. Ғылыми қызмет және ғылыми зерттеулер үйымдастыру тәртібі**

**Ескеरту. 2-тараудың атауы жаңа редакцияда - ҚР Экология және табиғи ресурстар министрінің 17.06.2024 № 124 (алғашқы ресми жарияланған қунінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

3. Табиғат қорғау мекемелерінде ғылыми қызметті үйымдастыру және жүргізу үшін қажетті үй-жайлармен және материалдық-техникалық құралдармен қамтамасыз етілетін ғылыми құрылымдық бөлімшелер жұмыс істейді.

4. Ғылыми үйымдар мен жекелеген ғалымдар ерекше қоргалатын табиғи аумақтар саласындағы уәкілетті органмен (бұдан әрі – уәкілетті орган) келісім бойынша ерекше қоргалатын табиғи аумақтарда табиғат қорғау мекемесінің әкімшілігімен шарттық негізде ғылыми зерттеулер жүргізеді.

5. Ерекше қоргалатын табиғи аумақ пен оның күзет аймағындағы табиғи кешендерді, биологиялық әртүрлілікті сақтаумен және оларды экологиялық-ағарту, ғылыми, туристік, рекреациялық және шектеулі шаруашылық мақсаттарда пайдалануды реттеумен байланысты ғылыми есептіліктерді, жоспарларды, ғылыми-практикалық ұсыныстарды, мәселелерді қарау және бекіту үшін табиғат қорғау мекемелерінде ғылыми-техникалық кеңестер (бұдан әрі – FTK) құрылады, олардың құрамына басқа үйымдардың ғылыми қызметкерлері мен мамандары енуі мүмкін.

6. Ғылыми зерттеулердің тиімділігін жақсарту мен кадрлық және ғылыми-техникалық әлеуетті күшейту мақсатында табиғат қорғау мекемелері ғылыми үйымдармен, жоғары оқу орындарымен бірлесіп жұмыс істейді.

7. Табиғат қорғау мекемелерінде ғылыми қызметтің негізгі бағыттары:

1) табиғи кешендерді (экожүйелерді, өсімдіктер қауымдастықтарын, геологиялық және гидрологиялық объектілер) түгендеу;

2) өсімдіктер мен жануарлар дүниесінің алуан түрлі таксономикалық топтарының биологиялық әртүрлілік объектілерін түгендеу;

3) шарбақ ішінде ұстауды қоса алғанда, жануарлар мен өсімдіктерді қайта жерсіндіру мен жерсіндіру мәселелері;

4) табиғи объектілерді табиғаттан алушың жол берілетін көлемін анықтауды қоса алғанда, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану тәсілдерін зерделеу;

6) табиғи әсерлердің де, тікелей немесе жанама антропогендік және технологиялық әсерлердің де нәтижесінде ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың табиғи кешендерінде болып жататын барлық өзгерістерді тіркеу мақсатында табиғи процестердің мониторингін жүзеге асыру, нәтижелерін Табиғат жылнамасында тіркеу;

7) экологиялық-ағарту, ғылыми, туристік, рекреациялық және шектеулі шаруашылық мақсаттарда табиғи кешендерді, биологиялық әртүрлілікті, ағзалардың жекелеген түрлері мен топтарын қорғауды жақсарту, ұтымды пайдалану және қалпына келтіру, ерекше қорғалатын табиғи аумақ пен оның құзет аймағын пайдалануды реттеу бойынша ғылыми-практикалық ұсыныстар әзірлеу болып табылады.

8. Табиғат қорғау мекемесінің ғылыми қызметін жоспарлау Қазақстан Республикасы "Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар" Занының 41-бабы 3-тармағының ғылым және ғылыми-техникалық қызмет саласындағы уәкілетті органмен келісім бойынша уәкілетті орган бекітетін осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарының жоспарларына (бұдан әрі – Жоспар) сәйкес жүзеге асырылады.

**Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - КР Экология және табиғи ресурстар министрінің 17.06.2024 № 124 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

9. Жоспарға сәйкес табиғат қорғау мекемесі мынандай құжаттар әзірлейді:

1) осы Қағидаға 2-қосымшаға сәйкес табиғат қорғау мекемесінің ғылыми зерттеулер бағдарламалары;

2) осы Қағидаға 3-қосымшаға сәйкес бір жылға арналған табиғат қорғау мекемесінің ғылыми зерттеулер жоспары;

3) осы Қағидаға 4-қосымшаға сәйкес бір жылға арналған ғылыми жұмыстардың жеке құнтізбелік жоспары.

10. Тиісті негіздеме мен табиғат қорғау мекемесінің FTK шешімі болған жағдайда ғылым және ғылыми-техникалық қызмет саласындағы уәкілетті органмен келісім бойынша Жоспарға өзгерістер мен толықтырулар енгізуге болады.

**Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - КР Экология және табиғи ресурстар министрінің 17.06.2024 № 124 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

**3-тарау. Ғылыми жұмыстар жүргізу тәртібі**

**Ескеरту. 3-тараудың атауы жаңа редакцияда - ҚР Экология және табиғи ресурстар министрінің 17.06.2024 № 124 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

11. Табиғат қорғау мекемесінде ғылыми жұмыс мынадай тәртіппен жүргізіледі:

1) әзірлік кезеңі – далалық кезеңді жүргізуге дайындық кезеңі;

2) далалық кезең – ғылыми тақырып жүргізу үшін материалдар жинау кезеңі;

3) камералдық кезең – далалық байқаулардың жиналған материалдарын өндөу кезеңі;

4) есептік кезең – аралық және қорытынды есептер беру кезеңі.

12. Әзірлік кезеңі ғылыми жетекшімен консультациялар өткізуді, жұмыс тақырыбы бойынша бар ғылыми ақпаратты талдауды, зерттеулер әдістемелерін тандауды қамтиды

13. Далалық кезең зерттеліп отырған тақырып бойынша маршруттық тексерулер өткізу мен материалдар жинау үшін далалық жұмыстар мен экспедициялық сапарларды қамтиды. Далалық және экспедициялық сапарлар қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқау өткізілгеннен кейін табиғат қорғау мекемесі директорының бұйрығымен бекітілетін ғылыми жұмыстардың құнтізбелік жоспарына, далалық сапарлардың кестесіне сәйкес жүзеге асырылады.

Далалық жұмыстар барысында далалық қунделіктер жүргізіледі, карталар сзылады, мүмкіндігінше фото және бейнemатериалдары түсіріледі, ботаникалық, зоологиялық және басқа да материалдар жиналады.

Далалық байқаулардың материалдары сақталуға және табиғат қорғау мекемесінің ғылыми қорына берілуге жатады. Ботаникалық және зоологиялық жиналымдар гербарийлер мен зоологиялық қораптар түрінде ресімделіп, арнайы жабдықталған шкафтарда және/немесе үй-жайларда сақталады.

14. Камералдық өндөу жиналған материалдары топтастыру табиғат қорғау мекемесінің зертханасында және/немесе тиісті шарт негізінде бөтен ғылыми үйымның зертханасында жүргізіледі.

15. Ғылыми жұмыстар жүргізу қорытындылары бойынша табиғат қорғау мекемелері уәкілетті органға осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстары туралы аралық жылдық және қорытынды есептер береді.

Аралық жылдық есеп жыл ішіндегі жұмыс нәтижелері бойынша келесі есептік жылдан кейінгі 1 сәуірден кешіктірмей уәкілетті органға FTK мәжілісінің хаттамасынан алынған тиісті көшірмемен беріледі.

Корытынды есеп соңғы және жинақтаушы есеп болып табылады, ғылыми жұмыс аяқталған соң келесі есептік жылдан кейінгі 1 сәуірден кешіктірмей уәкілетті органға FTK мәжілісінің хаттамасынан алынған тиісті көшірмемен беріледі.

16. Табиғат қорғау мекемелері ғылыми жұмыстар жүргізумен қатар табиғи процестерге мониторинг жүргізеді және нәтижелерді Табиғат жылнамасында тіркейді.

Тұрақты стационарлық байқаулар жүргізуді табиғат қорғау мекемелерінің ғылыми қызметкерлері мен мемлекеттік инспекторлары арнағы бөлінген мониторингтік (метеорологиялық, фенологиялық, зоологиялық, ботаникалық және басқа да) алаңқайлар мен есептік маршруттарда жүзеге асырады.

17. Табиғат қорғау мекемелері уәкілетті органға есепті жылдан кейінгі 1 мамырдан кешіктірмей Табиғат жылнамасының кітабы түрінде жылдық есеп береді.

Табиғат жылнамасы жүргізле бастағаннан бергі 5 жылғы кезең үшін де Табиғат қорғау мекемелері есепті жылдан кейінгі 1 мамырдан кешіктірмей уәкілетті органға Табиғат жылнамасының 5 жылдық кітабын береді.

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда төтенше және дүлей күш құбылыстары орын алған жағдайда Табиғат жылнамасын жүргізу нәтижелері бойынша уәкілетті органға Табиғат жылнамасын жүргізу нәтижелері бойынша ерекше қорғалатын табиғи аумақтық табиғи кешендерінің өзгерістері туралы қосымша жедел ақпарат беріледі.

18. Ғылыми материалдарды табиғат қорғау мекемесі жылдық есептер, ұсылыстар, әдістемелік құралдар мен нұсқаулықтар, ғылыми журналдарда, ғылыми жинақтар мен кітаптарда, ғылыми-практикалық конференциялардың материалдарында және басқа ғылыми басылымдарда ғылыми мақалалар мен енбектер жариялау үшін пайдаланады.

19. Табиғат қорғау мекемелері ғылыми жұмыстардың нәтижелері бойынша ғылыми журналдарда, ғылыми жинақтар мен кітаптарда, ғылыми- практикалық конференциялардың материалдарында және басқа да ғылыми басылымдарда ғылыми мақалалар жариялайды, сондай-ақ ғылыми конференцияларға қатысады.

Табиғат қорғау мекемелерінде  
ғылыми қызмет және ғылыми  
зерттеулер үйімдастыру  
және жүргізу қағидасына  
1-қосымша

### Нысан

Келісілді  
Қазақстан Республикасы  
Ғылым және жоғары білім  
министрлігінің  
Ғылым комитеті

20 жылғы " "

Қазақстан Республикасы Экология  
және табиғи ресурстар министрлігінің  
Орман шаруашылығы және  
жануарлар дүниесі комитеті  
төрагасының  
20 жылғы " "  
№ \_\_\_\_\_ бұйрығымен бекітілген

20 20 жылдарға арналған \_\_\_\_\_  
(табиғат қорғау мекемесінің атауы)

### ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ ЖОСПАРЫ

Ескеरту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Экология және табиғи ресурстар министрлігінің 17.06.2024 № 124 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

№	Тақырып, бөлім атауы	Орындау мерзімі	Ғылыми жетекшілер	Жауапты орындаушыла р	Жұмыстың қысқаша мазмұны	Күтілетін нәтижелер
1	2	3	4	5	6	7

(табиғат қорғау мекемесінің атауы)

Ғылыми-техникалық кеңестің отырысында қаралды және мақұлданды

20 \_\_\_\_ жылғы "" № \_\_\_\_\_ хаттама

Директор (Бас директор)

Ғылым жөніндегі директордың орынбасары (бас директордың орынбасары)

Табиғат қорғау мекемелерінде ғылыми  
қызмет және ғылыми зерттеулер  
ұйымдастыру  
және жүргізу қағидасына  
2-қосымша

Нысан

**БЕКІТЕМІН**

(табиғат қорғау мекемесінің атауы)

директоры (бас директоры)

20 жылғы "—" \_\_\_\_\_

(табиғат қорғау мекемесінің атауы)

20 \_\_\_\_ - 20 \_\_\_\_ жылдарға арналған

**ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУЛЕР**

**БАҒДАРЛАМАСЫ**

Тақырыбы \_\_\_\_\_

Тақырыптың бөлімі \_\_\_\_\_

Бөлімнің жауапты орындаушысы(лары)

лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты \_\_\_\_\_

(қолы)

Ғылыми жетекші (консультант) \_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы, ғылыми дәрежесі)

(ғылыми ұйымның мөрі және басшының қолы)

Бағдарламаның негізгі мәселелері:

1. Кіріспе (жұмыстың міндеттері мен мақсаттары, өзектілігі және т.б.).
2. Отандық және шетелдік әдебиетке жасалған қысқаша шолу жасалған мәселенің зерттелуінің жай-күйі.
3. Ғылыми зерттеулер әдістемесі.

4. Бөлім бойынша жұмыстың мазмұны мен көлемі.
5. Құтілетін нәтижелер. Оларды пайдаланудың теориялық және практикалық маңызы.
6. Нәтижелерді ұсыну, есеп беру нысаны.
7. Күнтізбелік жұмыс жоспары.

Табиғат қорғау мекемелеріндеғы  
қызмет жәнеғылыми зерттеулер  
ұйымдастыру  
және жүргізу қағидасына  
3-қосымша

Нысан

## БЕКІТЕМІН

(табиғат қорғау мекемесінің атауы)

директоры (бас директоры)

20 жылғы "—" \_\_\_\_\_

(табиғат қорғау мекемесінің атауы)

20 \_\_\_\_ жылға арналған

### ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУЛЕР

### ЖОСПАРЫ

Тақырып \_\_\_\_\_

Бөлім \_\_\_\_\_

Орындаушы (лар) \_\_\_\_\_

Жұмысты ұйымдастыру және іс-шаралар \_\_\_\_\_

Құтілетін нәтижелер \_\_\_\_\_

Директордың ғылым жөніндегі орынбасары

(ғылыми бөлімнің басшысы) \_\_\_\_\_

(қолы, тегі, аты, әкесінің аты)

Ғылыми-техникалық кеңесі макулдады

(табиғат қорғау мекемесінің атауы)

20 жылғы "—" № \_\_\_\_ хаттама

Табиғат қорғау мекемелеріндеғы  
қызмет жәнеғылыми зерттеулер  
ұйымдастыру  
және жүргізу қағидасына  
4-қосымша

Нысан

## БЕКІТЕМІН

(табиғат қорғау мекемесінің атауы)

директоры (бас директоры)

20 \_\_\_\_ жылға арналған

### ФЫЛЫМИ ЖҰМЫСТАРДЫҢ ЖЕКЕ КҮНГІЗБЕЛІК ЖОСПАРЫ

Тақырып \_\_\_\_\_

Бөлім \_\_\_\_\_

Орындаушы (лар) \_\_\_\_\_

Бөлімдер бөліп жұмыс корсетілген мазмұны	Жұмыстарды жүргізу орны	Жұмыстарды жүргізу мерзімі	Күтілетін нәтижелер
1	2	3	4

### Бөлім \_\_\_\_\_ 1. Далалық сапарлар кестесі

	Айлар											
	қаңтар	ақпан	наурыз	сәуір	мамыр	маусым	шілде	тамыз	қыркүйек	қазан	қараша	желтоқсан
Сапарлар												

### 2. Фылыми зерттеулерді қамтамасыз ету жөніндегі шығындар сметасы

Шығындар көзі	Есеп-қисап	Сома (жылына)
Жиыны		

### 3. Қажет материалдық-техникалық ресурстар тізбесі

Тізбе	Ескертпе
-------	----------

Директордың фылым жөніндегі орынбасары

(фылым бөлімінің басшысы)

\_\_\_\_\_  
(қолы, тегі, аты, әкесінің аты)

Орындаушы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_  
(қолы, тегі, аты, әкесінің аты)

\_\_\_\_\_ Фылыми-техникалық кеңесі макулдады

(табиғат қорғау мекемесінің атауы)

20 \_\_\_\_ жылғы "—" № \_\_\_\_ хаттама

Табиғат қорғау мекемелерінде  
фылыми қызмет және фылыми

зерттеулер үйымдастыру  
және жүргізу қағидасына  
5-қосымша

Нысан

Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі Орман  
шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ (табиғат қорғау мекемесінің атауы) мемлекеттік мекемесі

Ғылыми-техникалық кеңестің  
отырысында мақұлданды  
20 \_\_\_\_ жылғы "\_\_\_" №  
хаттама  
ФТК төрағасы

(қолы, тегі, аты, әкесінің аты)

### Ғылыми-зерттеу жұмысы туралы ЕСЕП

Ескерту. 5-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Экология және табиғи ресурстар министрінің 17.06.2024 № 124 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрекімен.

тақырыбы бойынша

1-бөлім. \_\_\_\_\_ жылға "\_\_\_\_\_"  
(бөлімнің атауы)

Жетекші, ғылыми дәрежесі, лауазымы: \_\_\_\_\_  
(тегі, аты, әкесінің аты, қолы)

Орындаушы, ғылыми дәрежесі, лауазымы: \_\_\_\_\_  
(тегі, аты, әкесінің аты, қолы)

1. Мазмұны.
2. Кіріспе.
3. Зерттеудің мақсаттары мен міндеттері.

4. Жұмыс (ғылыми зерттеулер) әдістемесі, материалдар жинау орындары, іссапарлар маршруттары мен мерзімдері, зерттеулердің материалдық-техникалық қамтамасыз етілуі туралы мәліметтер.

5. Жұмыс нәтижелері (кестелер, сыйбалар, фотоиллюстрациялар, суреттер қоса беріледі).

6. Тұжырымдар мен ғылыми-практикалық ұсынымдар.
7. Әдебиет (пайдаланылған ғылыми көздердің тізімі).
8. Қосымшалар.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК